



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

13. Peter Kreuzer A Comparison of Malaysian and Philippine Responses to China in the South China Sea. - *The Chinese Journal of International Politics*, Volume 9, Issue 3, 1 September 2016 2016, с. 239–276
14. J.N. Mak, ‘The Chinese Navy and the South China Sea: A Malaysian Assessment’, *The Pacific Review*, Vol. 4, No. 2. - 150-164 с.
15. RSN Murali, “Gateway a boost to Malaysia, says Liow”, *The Star*, 8 November 2015, <http://www.thestar.com.my/news/nation/2015/11/08/china-to-spur-growth-of-ports-rm43bil-investment-in-malacca-gateway-a-boost-to-malaysia-says-liow/> (датаобращения: 29.01.2018)
16. Presidential Decree No. 1596, 1978 <http://www.officialgazette.gov.ph/1978/06/11/presidential-decree-no-1596-s-1978/>(датаобращения: 01.02.2018)
17. REPUBLIC ACT No. 9522 https://senate.gov.ph/republic_acts/ra%209522.pdf(датаобращения: 01.02.2018)

ӘОЖ 327

ЦИФРЛЫ ДИПЛОМАТИЯ

Токсаба Асылмұрат Абайұлы

asyl.97.ru@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М.Азмуханова

Біздің буын керемет уақытта дүниеге келіп, өмір сүріп жатыр деп санаймын. Себебі, біз Тәуелсіз елде туып, еліміздің жыл санап саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда нығайып келе жатқанына куә бола жүріп, оған өз үлесімізді қосу мүмкіндігіне ие болдық. Осының бәрі – Қазақстанның **әлемдік аренада** мойындалғанының айқын белгісі. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған жолдауы еліміздің әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі деп ойлаймын. Жас буын өкілі ретінде, әсіресе, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы үшін ерекше қуаныштымыз. Себебі, болашақ технологияға байланысты, технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізу басқа салаларға да серпін береді. Сонымен қатар, ІТ бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады.

“Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты”. Цифрландыру дегеніміз Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат.- деді Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы инфрақұрылымды дамытуға, адам капиталын жақсартуға, экономика саласын цифрландыруға және мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталады.

“Цифрлы Қазақстан” бағдарламасының 4 негізгі бағыты бар.

Бірінші – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру.

Екінші бағыт– экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны енгізу.

Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру.

Төртінші – ІТ мамандарды даярлау. Жолдау біздің еліміздің ширек ғасыр ішіндегі екі

жаңғырту үрдісін аяқтап, үшінші, экономикамыздың әлемдік өсімінің лайықты деңгейге жетуін қамтамасыз ететін, жеделдетілген технологиялық жаңғыртылу басымдығына көшуімізді айқындап берді.

Тұтастай алғанда, бағдарламаның басты мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру.

Бізге технологияларды тек импорттап қана қоймай, оларды барынша дамыта түсу қажет. Бір орында тұралап қалуға болмайды. Бізге бірлесе әрекет ету керек. Цифрландыру барысында жаңашылдықты қолданып қана қоймай оны тиімді пайдалану арқылы біз бәсекелестікті арттыра аламыз. Ол экономикаға да тиімді, азаматтарымызға да ыңғайлы.

Елбасы: «Болашақ жастардың қолында екенін жиі айтады. Қазақстан бүгінде әркімге қай саладан болмасын мол мүмкіндік туғызып отырған ел. Сондықтан цифрлық Қазақстанға қол жеткізу үшін жастарға артар үміт зор», – деді.

Бытырғы қазан айында өткен Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында ЕАЭО қатысушы мемлекеттердің басшылары цифрлы күн тәртібінің 2025 жылға дейінгі басты бағыттарын бекітіп, сондай-ақ Елбасының ЕАЭО экономикасын цифрландыру бойынша арнайы кездесу өткізу туралы бастамасын қолдаған болатын. Бұл жолғы жиын барысында да әлемнің жетекші ұйымдары Төртінші өнеркәсіптік революция технологияларын қолданып, цифрлы салаларды дамыту мәселелеріне басты назар аударды. Мұндағы мақсат – ЕАЭО елдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, цифрлы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, дамыту жолдарын жеделдететін бірлескен шаралар әзірлеу. Сондай-ақ елдік артықшылықтар және өңірлік интеграциялық трансформациялау негізінде келесі дивидендтерді алу жолдарын қарастыру. Форумның жұмысына Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және Тәжікстанның Премьер-министрлері, сондай-ақ халықаралық бірқатар ІТ компаниялардың өкілдері қатысты. Елбасының форум қатысушыларына жолдаған құттықтау хатында:

– Әлемде жылдам әрі түбегейлі технологиялық өзгерістер дәуірі басталды.

Тиімді цифрландыру шаралары ұлттық экономиканың қарқынды дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі факторына айналуға. Әлемнің озық елдері, олардың G-20 және Еуропалық одақ секілді бірлестіктері өздерінің Цифрландыру бойынша стратегиялық құжаттарын қабылдады. Біздің Еуразиялық экономикалық одақ та 2025 жылға дейінгі цифрлық күн тәртібін қабылдады. Бүгінгі форум – аталған күн тәртібін іске асырудың маңызды қадамы. Ортақ нарықтың болуы цифрландыру мәселелерінде бірлескен тәсілдер мен шараларды әзірлеуді талап етеді. Күштерді жұмылдыру ЕуразЭҚ-тың тұтастай және әр елдің жекелей дамуы үшін синергетикалық тиімділікті қамтамасыз етеді. Бұл іс-шара қажетті шешімдерді әзірлеуге және ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететініне сенімдімін. Форумның барлық қатысушысына жемісті еңбек және алға қойылған мақсаттарына қол жеткізуді тілеймін, – делінген.

Біз алдымыздағы зор міндет – жақын арада барлық мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы электронды тәсілмен берілетін болу. Мұндағы өте маңызды мәселе – инфрақұрылым. Қазақстанның территориясы өте үлкен. Барлық қалаларда инфрақұрылымды, яғни интернетті толық қамтамасыз етеміз. Ауыл тұрғындарының 43 пайыз 7 мыңға жуық ауылдық елді мекенде интернет жылдамдығы жеткілікті деңгейде, бұл өте маңызды.

2020 жылға дейін ауылдық елді мекендердің барлық базаларын кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету және инфрақұрылымды толық аяқтау туралы шешім қабылданды.

Болашақ сауатты мамандар даярлаудағы білімнің рөлі де маңызды.

Біз халықты цифрландыруға тарту жөнінде айтып отырып, мемлекеттік қызметті алу, жалпы цифрлы форматқа көшу сәнге айналдырға тиіспіз. Сондықтан да мұның бәрін ақылға қондыру үшін, мектеп қабырғасынан бастап мамандарды, математиктерді, университет бағдарламашыларын дайындау қажет. Мамандарды жеткілікті даярлауды бастау үшін оқу бағдарламалық курстарды қайта бағыттау қажет. Егер барлық бағыттар бойынша ілгерілейміз дейтін болсақ, онда бізге инновациялар қажет. Инновациясыз ештеңеге қол жеткізбейміз. Бұл үшін тиісті экожүйені құру қажет. Осы орайда біз Сколково, Иннополис, Минскідегі Инно-

вациялық технологиялар паркіндегі жобалармен тығыз байланысты және технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға жағдайлар жасауды қажеттікке айландыруымыз жөн.

– Осыған орай біз ЕХРО базасында АТ-хаб құрылды. Бүгінде офистер дайындалып жатыр. Абсолютті заңнамалық базасы бар, ағылшындық құқыққа ие «Астана» халықаралық орталығы барлығынан босатылды. Біздің АТ-хаб осы АХҚО-ға қосылды және біз осы арқылы бүкіл әлемнің таланттарын тартамыз. Киберқауіпсіздік проблемасын да жеке атап өткен жөн. Интеграция мәселелері де кеңірек деңгейде талқылану керек.

IDEMIA вице-президенті Винсент Моурет «Әлемде 6 миллиардтан астам адам смартфон қолданады. Интернетке 20 млрд құрылғы қосылған. Егер оны 30 млрд-қа жеткізетін болсақ, технологиялық өзгерістер ауқымы бұдан да өсе түспек. Компаниялардың жұмыс істеу мүмкіндіктері артып қана қоймай, қауіпсіздік мәселесін де ескеру қажет. Цифрлы технологияны әр адамның жеке деректері мен мәліметтерін сақтау, қорғау сияқты тиімділік жағынан қолданып қоймай, жеке ақпараттардың қауіпсіздігіне мән беруге тиіспіз дегеніне қосыламын.

Осы тұрғыда Сингапурда жақсы бір үрдіс қалыптасқан екен. Турист болып бара қалсаңыз, әуежайда төлқұжатыңызды ұсынып, бейнебақылауға бір рет қарауыңыз керек. Қайтар жолыңызда құжатыңызды сұрамайды, бақылауға қарасаңыз жеткілікті. Төлем карталарына қолдың табын пайдалану да қауіпсіздікке жатады. Осы мәселені «Қазпошта» АҚ-мен жүзеге асыруды көздеп отыр. Францияда бейнебақылау арқылы бейнеңізді танып, жеке тұлғаңызды анықтайтын жүйе жолға қойылыпты. Мысалы, көлігіңізге жақындағанда темір тұлпарыңыз сіздің бет бейнеңізді танып, іске қосылады. Яғни, қарапайым адамдардың өмірін жаңа технологиялар арқылы жеңілдетуге болады. Әлем елдері қолданып жатқан жетістіктерді біз де күнделікті өмірде қолдануымыз қажет.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысында Үкімет басшылары ЕАЭО-ға мүше елдердегі макроэкономикалық мәселелерді бірлесе шешуді талқыға салды. Сондай-ақ келешекте тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін тиімді ұсыныстарды қарастырды. Сонымен қатар Одаққа мүше мемлекеттер арасындағы былтырғы өзара сауда-саттық барысы, бірлесіп қолға алынған жобалардың келешегін сөз етті. Мемлекеттер арасындағы өзара сауда айналымымен қатар 2017-2018 жылы ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныс жайын қарастырды.

– ЕАЭО қалыптастыру жұмысы жалғасуда. Біздің үшжылдық жұмысымыздың оң нәтижесі бар. Одақтың қазіргі және келешектегі дамуымен байланысты бірқатар маңызды құжаттарды қабылдадық. Бұған дәлел ретінде ЕАЭО-ның жаңа Кеден кодексінің күшіне енуін айтуға болады. Осылайша, кедендік ресімдеудің жедел өтуі үшін жағдайлар жасалды. Жаһандық экономикалық тұрақсыздыққа қарамастан, Қазақстан ЕАЭО шеңберінде де, үшінші елдермен сауда саласында да тауар айналымы өсімінің оң қарқынын сақтап қалды. Қазақстан экономикасында айтарлықтай өсім байқалды, алдын ала деректер бойынша 4 пайызға артты. Экономиканы цифрландыруға жоспарлы көшу салдарынан жұмыстан босатылған еңбек күшін жұмыспен қамтуға қатысты бірқатар мәселе өзекті болып тұр. Азаматтарымыз жаңа жұмыс орнын, соның ішінде Одақ аумағында да, салыстырмалы түрде жылдам табу мүмкіндігіне ие болуы керек.

Сонымен қатар Үкімет басшысы Қазақстан мен Ресей арасындағы Бірыңғай интеграцияланған еуразиялық электронды еңбек биржасын құру және қызметкерлерге қойылатын бірыңғай біліктілік талаптарын әзірлеу жайын екі ел президенті бірлесе талқылағанын білеміз. Еуразиялық одақ шеңберіндегі ауқымды бастамаларды жүзеге асыру жалғаса бермек. Бірлесе жұмыс істеуді ары қарай дамыту үшін шешілуі қажет бірқатар жайттар болашақта шешімін табады. Әсіресе, кедендік өткізу, қабылдауды автоматтандыру мәселесі оңтайландырылады. «Бірыңғай кедендік аумақ жағдайында экспорт кезіндегі кедендік декларацияларға, теміржол көлігін уақытша әкелуге қатысты интеграция жоқ.

Өзара кедендік кедергілерді жою үшін ақпараттық жүйелерді интеграциялауды жылдамдатып, көлік құжаттарындағы кедендік белгілерді электронды түрде ұсыну мүмкіндігін қарастыру маңызды әрі ыңғайлы. Алдағы уақытта Қазақстан «Астана-1»

ақпараттық жүйесін кезең-кезеңімен енгізбек.. 2025 жылға дейінгі Цифрлық күн тәртібін қабылдаған Еуроазиялық экономикалық одақ даму қарқынын үдетпек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.12.2017 жылғы №827 қаулысымен бекітілген «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы
2. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 ж. 31 қаңтар. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

ӘОЖ 339.9

БРЕКСИТ ЖӘНЕ ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Төлебай Аружан Төлегенқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар
факультетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- Б.М.Батишева

Ұлыбритания мен ЕуроОдақтың тарихы әр түрлі қиындықтар мен шиеленістерден тұрады. Екі жақтың қосылуы бірнеше кезеңнен өткеннен кейін ғана жүзеге асқан болатын: Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, бейбіт өмір сүру идеясын негізге ала отырып батыс Еуропа мемлекеттері 1950-ші жылдарында одақтарға біріге бастады. 1949-шы жылғы Еуропа Кеңесін құруындағы басты рөл атқарғанына қарамастан, Ұлыбритания экономикалық интеграция процесіне бірден қосылған жоқ. Бұл бағытта алғашқы қадамдар 1970-ші жылдардың басында, Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың кеңейтуінің «бірінші толқыны» кезінде жасалған болатын. Ұлыбритания ЕЭҚ құрамына 1973-ші жылы Ирландия мен Даниямен бірге кіреді. ЕО пен әмірліктің арасындағы жақындасу процессінің өзінде де, Ұлыбритания ұйым ішінде экономикалық және саяси істерде барынша тәуелсіздігін сақтауға ұмтылды. Британия ЕО-тың ірі интеграциялық жобаларына қосылған жоқ: еуро аймағына және ортақ шекарада визалық тексерістен босатуды қамтамасыз ететін Шенген аймағына кірмеді. Бұдан басқа, Біріккен Корольдік елдердің келісілген салықтық және бюджеттік саясатын іске асыруға бағытталған Бюджеттік пактіге (2013 жылы күшіне енген) қол қойған жоқ.

Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа кірген сәттен бастап, Ұлыбританияда еуроскептиктердің дауыстары естіле бастады. Туындаған мәселелер: егемендіктің күрт жоғалуы, жыл сайынғы салынатын жарналардың орнына ЕО-тан түсетін көмек көлемімен қанағаттанбауы, елдің евроға қосылуға дайын болмауы, шығыстан келген арзан жұмыс күшінің ағыны, және 2015 жылдан бастап туған мигранттар мәселесі. Ұлыбритания мен ЕО арасындағы әр түрлі қайшылықтар Брекситке әкелді. 2016 жылғы бейсенбіде Брюссельдің Еуропалық Одақта қалуы немесе шығуы туралы шешім қабылдау үшін жүргізілген референдум барысында 51,9% бен 48,1% қатынасымен «шығу» негізі жеңген болатын. Қатысқандардың саны 30 млн-ға жетіп, халықтың 71% - ды құрады.

ЕО-тан шығу мәселесіне қатысты Ұлыбритания халқының ойы айқын болып көрінгенімен, қазіргі таңда көпшіліктің көз-қарасы өзгеруде. 2017 жылғы өткізілген сауалнама нәтижесі бойынша, 50 %-ы қайта референдумның өткізгенін талап етеді, 34 % алдыңғы қабылданған шешіммен келіссе, ал 16 %-ы нақты шешімге келе алмады.^[3] Сауалнама көрсеткіші бойынша көпшіліктің Брексит туралы ойының өзгергенін, және референдумнан кейінгі әсерін байқағанын көруге болады. Бұл мақалада ЕО пен Ұлыбританияға Брексит қалай ықпал ететіні қарастырылады.

Брекситтің Ұлыбритания мен қоса ЕуроОдаққа бірнеше салаларда өзінің әсерін тигізді (экономикалық, саяси, әлеуметтік.б.).

Дэвид Кэмерон, канцлер Джордж Осборн және басқа да ЕО-та қалғысы келген көптеген